

№ M00075 13.12.2021 ж

Тәуелсіздік - тұғырым

ТЛЕУХАНОВА САМАЛ СЕРИКЖАНОВНА

Алматы облысы Талғар ауданы «№ 44 мектеп жасына дейінгі шағын

орталығы бар ЖББОМ» КММ. Бастауыш сынып мұғалімі

Мақсаты:

1. Оқушыларды қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресімен, қол жеткен жетістіктермен қысқаша таныстыру.
2. Қаншама құрбандықпен қол жеткен тәуелсіздігімізді құрметтей, қастерлей білуге тәрбиелеу, Қазақстанның келешегі үшін аянбай күресуге және еңбек етуге баулу.
3. Патриоттық тәрбие беру.

Сабақтың көрнекілігі: «Тәуелсіздік - тұғырым» атты қабырға газеті, Қазақстан Республикасының рәміздері, нақыл сөздер, мақал – мәтелдер, плакаттар, буклет, ұнтаспа, суреттер, т.б.

Сабақтың түрі: Әдеби – көркем монтаж.

Әдісі: Топпен жұмыс.

С абақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

Әнұран орындалады:

Мұғалім сөз алды:

Қайырлы күн қымбатты оқушылар. Елбасымыздың Н.Ә. Назарбаевтың «Еліміздің болашағы – жас ұрпақтары қолында, жас ұрпақтың болашағы – ұстаздардың қолында демекші». Егеменді еліміздің іргетасын қалаушы да нығайтушы да осы шәкірттер. «Отан үшін – отқа түс күймейсің» деп ұлы батыр атамыз Б. Момышұлы айтқандай біздің туған еліміз Қазақстан Республикасы. Отан деген қасиетті ұғым. Отанымызға туған халқымызға адал қызмет ету – біздің азаматтық борышымыз.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаны қазақ тарихында ұмытылмастай күн! Олай болса бүгінгі мереке сіздер үшін де, біздер үшін де мереке. Тойларының тойға ұлассын. Шәкірттер атаның ұлы емес, халықтың ұлы болсын! «16 желтоқсан Тәуелсіздік күні» атты ашық тәрбие сағатымызға қош келіпсіздер!

Сөз кезегі оқушыларға

Оқушы: О, халайық құтты болсын

Қуанышың шат күнің

Баянды боп бейбітшілік бақ күнің

Құт береке, бақ – дәулет ырысың!

Ортаймасын, айналайын халқым менің!

Оқушы: Атыңнан айналайын егемен ел

Тәуелсіз күнің туды кенеле бер

Мерейін құтты болсын егемен ел

Ғасырдың тойы болсын келе берер

Оқушы: Ел басқарған Нұрсұлтандай атам бар

Көп алқапты жасыл жайлау далам бар

Ел бірлігін, ел тірегін тілеген

Ақ ниетті халық деген данам бар.

Мұғалім: Балалар біз осы тәуелсіздікке қалай жеттік?

Оқушы: Елбасымыздың арқасында

Мұғалім: Тағы да кімдердің арқасында қол жеткіздік?

Оқушы: Желтоқсанда құрбан болған аға әпкелеріміздің арқасында!

Қазақ халқының ең соңғы өліп, тірілуі – біздің халқымыздың қайғы –

қасіретіне, сонымен бірге мақтанышына айналған 1986 жылы Желтоқсан

оқиғасы. Осы оқиғаға қатысты деген жалған жаламен 99 адам сотталды. 264

адам жоғарғы оқу орындарынан, 758 адам комсомолдан, 52 адам коммунистік

партия қатарынан шығарылды., әр түрлі жазалар берілді. Қазіргі күнде 16 – 17

желтоқсандағы оқиғаға қатысқаны үшін жазаланған азаматтар Президенттің

жарлығымен ақталды.

Бүгінгі таңның шапағатын, елдің көңіліне күн орнатқан қайсар аға – апаларымыз- Қайрат, Ләззат, Ербол, Сәбира емес пе? Ізгілік атаулыдан күдерін үзіп, бар сенімі күйреген, рухани күйзелген балаң жігіт Қайраттың «Ақтық сөзі» артында қалды.

Оқушы: Тәуелсіздік бабалардың ұраны,

Бейуақытта бойға таққан тұмары .

Тәуелсіздік – түнектерде тұншығып,

Ызғар ұрып, жанбай қалған шырағы.

Оқушы: Тура келіп тарихи бір орайға

Тәуелсіздік түстідеме оңайға.

Бастан өткен «Шұбырынды ақтабан»

Не көрмеді қазақ елі соны ойла.

Оқушы: Тәуелсіздік үшін тігіп бастарын

Желтоқсанда шықты алаңға жастарым

Әр ұрпақтың құрбандары жеткілік

Дербестікке кім сұрамақ басқа құн

Мұғалім сөзі: Туым – теңдігім

Елтаңбам-елдігім

Әнұраны – айбыным

Демекші еліміздің елтаңбасы , әнұраны көк байрағы бар. Ал балалар, осы тәуелсіздік жемістерін еске түсірейікші. Еске түсіру үшін «Ойнайық та ойлайық» деген атпен ойын ойнайық. Мен сендерге сұрақ қоямын. Сендерге соған жауап бере қойыңдаршы.

1. Қазақстан Республикасы қай жылы тәуелсіздігін алды?

Оқушы: 1991 жылы еліміз тәуелсіз мемлекет болып жарияланды.

2. Қазақстан Республикасы астанасы қай қала?

Оқушы: ҚР астанасы Астана қаласы . 1996 жылы еліміздің астанасы Ақмола қаласына көшірілді, 1997 жылы Астананың тұсау кесер тойы болды.

3. Еліміздің рәміздері қашан қабылданды және авторлары кім?

Оқушы: 1992 жылы 4 маусымда еліміздің рәміздері қабылданды.

4. ҚР Ата Заңы қашан қабылданды?

5. Теңгеміз қай жылы шықты?

Оқушы: 1993 жылы 15қараша ҚР Ұлттық ақшасы теңге айналымға енді.

6. Тұңғыш ғарышкеріміз кім?

Қорытынды сөз: Тәуелсіздік үшін мың өліп, мың тірілген қазақ елі, құдай қаласа, гүлденіп мәңгі жасай бермек. Тәуелсіздігімізді алтынымыздай ардақтап, асылымыздай бағалайық, қымбаттымыздай құрметтей білейік. Тәуелсіздігімізге 30-жыл толып отыр

Елтаңбамыз ажарлы , әнұранымыз әуенді, асқақ бола берсін!

Еліміздің , елдігіміздің белгісі – көгңлдір туымыз, қасиетті көк байрағымыз көкте қалықтап , желбірей берсін!

№ N00012 13.12.2021 ж

Инклюзивті білім берудің ерекшелігі

ЖАРМАХАНОВА ЭЛЬМИРА НҰРМАНҚЫЗЫ

Қызылорда қаласы Т Есетов атындағы №264 мектеп лицейінің

бастауыш сынып мұғалімі

Әр бала үшін ең алғаш мектепке бару ең жауапты да қиын кезең. Ал мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін бұл кезең әлдеқайда эмоциялық жағынан да, психологиялық жағынан да ауыр болады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі инклюзивті білім беру қағидаларына бет бұрды. Бұл арнайы қажеттілігі бар балалар үшін мектептерде, мекемелерде жағдай туғызып, оларды жалпы білім беру жүйесіне қосу. Әрбір бала, мүмкіндігінше қажетті деңгейде білім алуы тиісті. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Тәжірбие көрсеткеніндей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай,

балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді.

Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді. Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы. Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай:

Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс.

Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады.

Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту.

Осыған орай, инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі туындайды. Яғни олар мына принциптер:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістік кезетуөзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз.

№ N00007 13.12.2021 ж

Заттардың қасиеті қалай өзгереді?

БАРМЕНКУЛОВА НУРГУЛЬ КАЙРАТОВНА

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Қарабөгет ауылы

А. Байтұрсынов О.М. Бастауыш сынып мұғалімі

Бөлім	Заттардың және олардың қасиеттері.	
Педагогтің аты - жөні		
Күні		
Сынып:4 «ә»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны
Пәні	Жаратылыстану	
Сабақтың тақырыбы	Заттардың қасиеті қалай өзгереді?	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.3.1.1 заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтау 4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну	
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар:заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтайды, алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсынады Оқушылардың басым бөлігі: ағаш жаңқасының үдеріске дейінгі қасиетін анықтайды,ағаш жаңқасының үдерістен кейінгі қасиетін анықтайды. Кейбір оқушылар: майшам мен сіріңкенің қасиеттерін зерттеп, сипаттайды	
Бағалау критерийі	- заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтайды -ағаш жаңқасының үдеріске дейінгі қасиетін анықтайды,ағаш жаңқасының үдерістен кейінгі қасиетін анықтайды	

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі /уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 8 минут	Психологиялық ахуал «Сәттілік тілеу»тренингі (бір –біріне күлімсіреп қарап,бүгінгі сабаққа іштей сәттілік тілейді.Енді маған қараңыздар менде сіздерге іштей сәттілік тілеймін) Үй тапсырмасын тексеру	Тапсырманы орындайды Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады.	1балл шапалақ	Оқулық 60- 61 беттер
Сабақтың ортасы 15минут	Бүгінгі сендердің мақсаттарын: алған білімдеріңді өмірде пайдалану. Бүгін біз зерттеушілер боламыз.Көз алдарыңызға елестедіңдер,біз барлығымызда зертханадамыз. 1-тапсырма «Зертеу» әдісі Үдерістердің қайсысында ағаш жаңқасының қасиеті өзгерді? 1) Ағаш қабығын аламыз, қолымен ұстаймыз, қандай екен.(қатты)оны суға саламыз.жібіді ме?Енді майыстырып көрейік.Майыса ма?суға салғанда майысады,бірақ ол кебеді.өз қалпына келеді.енді оны жағып	Ағаш жаңқасының үдеріске дейінгі қасиетін анықтайды, ағаш жаңқасының үдерістен кейінгі қасиетін	ҚБ: 1балл 1балл 1балл 1балл 1балл 1балл	
15 минут				

	көрейік.Өзім жағамын, жанады, күл болады, өз қасиетін жоғалтады.Өз қалпына келе ме? Келмейді. Ағаш жаңқасын майыстырып көру. Бақылауларын тіркеу. 2) Стақандағы суға ағаш жаңқасын салу, бақылау, болған өзгерістерді тіркеу. 3) Ағаш жаңқасының бөлігін қысқышпен қысып, спиртшамның жалынында ұстау (мұғалімнің басшылығымен). Бақылаған өзгерістерін тіркеу. Зерттеу нәтижесін дайын кестеге тіркеу Зерттеу жүргізуге арналған нұсқаулықпен таныстыру. Ағаш жаңқасын майыстырғанда қасиеті өзгермейді, суға салғанда да суды сіңіреді, бірақ өзгермейді, кептіргенде қайтадан бастапқы қалпына келеді. Ал ағаш жаңқасын жаққан кезде өзгеріп, күлге айналады, түтін бөлініп, иіс шығарады. Заттардың басқа затқа айналғанда қасиеттері өзгереді. - Ағашты жаққан кездегі алынған заттарды қайда қолдануға болады? Ағашты жағу арқылы үйді жылытуға болады, шоғын тамақ пісіруге, түтінін ыстауға	анықтайды		Оқулық 61 бет Ағаш жаңқасы, су,сіріңке кесте ҚБ: 1балл 1балл Барлығы: 10балл
--	---	-----------	--	---

пайдаланады. Ағаш көмірінен сурет салатын қарындаш жасайды. Қорытынды жасау. Кестеге толтыр Тәжірибе нәтижесін бақылау парағы <table><tr><th></th><th></th><th>Суға салу</th><th>Жағу</th></tr><tr><td>Үдеріске дейінгі қасиеттері</td><td>Қатты, құрғақ</td><td>Қатты құрғақ</td><td>Қатты құрғақ</td></tr><tr><td>Үдерістен кейінгі қасиеттері</td><td>- майы сады, - сынады</td><td>ына кел - өзгермейді, кебеді</td><td>- күлге айналады, иіс шығады, түтін пайда болады, - балқиды.</td></tr></table> Дескриптор: -ағаш жаңқасының үдеріске дейінгі қасиетін анықтайды(1б) - ағаш жаңқасының үдерістен кейінгі қасиетін анықтайды(1б)			Суға салу	Жағу	Үдеріске дейінгі қасиеттері	Қатты, құрғақ	Қатты құрғақ	Қатты құрғақ	Үдерістен кейінгі қасиеттері	- майы сады, - сынады	ына кел - өзгермейді, кебеді	- күлге айналады, иіс шығады, түтін пайда болады, - балқиды.					
			Суға салу	Жағу													
	Үдеріске дейінгі қасиеттері	Қатты, құрғақ	Қатты құрғақ	Қатты құрғақ													
	Үдерістен кейінгі қасиеттері	- майы сады, - сынады	ына кел - өзгермейді, кебеді	- күлге айналады, иіс шығады, түтін пайда болады, - балқиды.													

	Бастапқы қалпына келе ме? Заттардың қасиеті туралы меңгергендерін айтады Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстырады 2 тапсырма Ұжымдық жұмыс Зертте №2 Топқа бөлу.Зертте.Әр топқа бір заттан беремін.1топқа майшам беремін,2 топқа оттық,3 топқа таттанған шеге,жаңа шеге, магнит,4 топқа парақ. Осы заттардың қасиеті қалай өзгерді екенін айтамыз. Кіріспе тапсырма. Заттар өзгеріске түсе ме? Майшам мен сіріңкенің шиі жанғанда қандай өзгерістер болады? Қандай заттар түзіледі? Майшам мен сіріңкені бастапқы қалпына келтіруге бола ма?Ағаш қандай зат?Одан қағазды қалай жасайды деп ойлайсың?Ағаш пен қағаздың қасиеттерін салыстырып көр.Ағаш қағазға айналғанда қандай қасиеттері сақталды?Қандай қасиеті жойылды?Сипатта Дескриптор: - майшам мен сіріңкенің шиі жанғанда қандай өзгерістер болатынын айтады(1б)			Өзіндік жұмыс Жұппен жұмыс
--	---	--	--	-------------------------------

	- қандай заттар түзілетінін айтады(1б) - майшам мен сіріңкені бастапқы қалпына келтіруге бола ма сұрағына ойын білдіреді(1б) - ағаштың қандай зат екенін айтады(1б) - ағаш пен қағаздың қасиеттерін салыстырады(1б) - ағаш қағазға айналғанда қандай қасиеттері сақталатынын айтады(1б) -қандай қасиеттері жойылатынын анықтайды(1б) Өздік жұмыс: 61 бетегі мәтінді паракқа жазамын,кейбір сөздерден әріптер түсіп қалған.Оқушылар іштей оқиды, қандай әріптер түсіп қалғанын жазады.Қандай жаңа сөздер кездесті.Жұптарына беріп тексереді. Дәптерге жазады. Қағаздың күлінен бояу болады екен айту. Жүппен жұмыс.тапсырманы орындайды.			
Сабактың аяғы 7 минут	Табыс баспалдағы.	Қойылған сұрақтарға жауап береді		Үйге тапсырма 60-61 бет, түсініп оқу

№ N00008 13.12.2021 ж

**Дәстүрден тыс әдіс тәсілдері арқылы балалардың
шығармашылығын қалыптастыру**

КАЛИЕВА РИЗА КАСАИНОВНА

*Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, КММ Кеңсай орта мектебі,
Мектепалды даярлық сынбының мұғалімі*

Балалардың бейнелеу шығармашылығы – қызықты бейнелер мен ашық бояулар әлемі. Олар өздерінің ғажайып қиялымен, ерекшелігімен ересектерді талай таңғалдырған. Сәбилер суретті ерекше ықыласпен және жиі салады. Оларды айналадағы қоршаған дүние әлемі өз қызығымен еліктіріп әкетеді. Балалардың сурет салу әдісін меңгеруі, олардың қабілеті дамуы болып табылады. Қазіргі кезеңде жаңа адамды қалыптастыру, оның шығармашылық белсенділігін дамыту басты назарға алынған. Сондықтан, сұлулықты сезіну, жоғары эстетикалық талғам қалыптастыру, өнер туындысын, туған табиғаттың сұлулығын түсіну және бағалауды жетілдіру қажет. Әртүрлі авторлардың (Г.Б.Кибишова «Вдохновение» бағдарламасы, И.А.Лыкова «Методическое пособие для специалистов дошкольных образовательных учреждений», Т.Н.Доронова «Природа, искусство и изобразительная деятельность детей», Р.Г.Казакова «Изобразительная деятельность в детском саду» еңбектерімен таныса отырып, біз көптеген қызықты идеялар кездестірдік және алдымызға мынадай мақсат қойдық.

1. Балаларда сурет салудың техникалық дағдыларын қалыптастыру.
2. Балаларды сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерімен таныстыру.
3. Балаларды сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерін пайдалана отырып, өзіндік қайталанбас бейне жасауға үйрету.

Дұрыс техникалық дағды бала бойында сабақ сайын дамып, қалыптасып отырады. Балалар сурет салу тәсілдерін құрғақ түсіндіргеннен емес, өздері тәжірибе жасаудан үйренеді. Балалар бақшасында сурет салу үшін көптеген құралдар беруге болады: түрлі-түсті және қара қарындаштар, акварель және гуашь бояулар, балауыз борлар, фломастерлер, акварель борлар, пастель, көмір, сангина, тушь, пластилин т.б. Балаларды үйрету барысында оларға ұсынылған түрлі заттар қызығушылықты арттырады. Олар тіпті, қара қарындаштың өзін заттың мазмұнын беру үшін әртүрлі басу арқылы ғажап суреттер сала алады. Балалар сурет салу құралдарын игергеннен кейін, оларды саналы түрде материал таңдауға әкелеміз.

Бұл жердегі маңыздысы баланың өзіне қажет құралды дербес таңдап алу қабілеті. Сабақ соңында бала өз еңбегін көргенде бейнені шешудің алуан тәсілдерін көреді. Сонда ғана оның келесі жолы бояу таңдауда шешімі өзгеруі мүмкін. Бұл оның шығармашылығының дамуына мүмкіндік береді. Техникалық дағды мен тәсілдерді меңгеруі дүниені өз сұлулығымен бейнелеуге әсерін тигізсе, ең маңыздысы сол.

Қазіргі таңда балалар бақшасындағы балаларды көркем өнерге баулуда дәстүрден тыс тәдіс-тәсілдермен бірге бейнелеу құралдарының да көптеген түрлері пайдаланылады. Солардың біразына тоқтала кетейік:

«палитра - саусақтар» саусақпен сурет салу.

Қол астында қылқалам жоқ па? Ештеңе етпейді. Бір саусағымызды көк бояуға батырамыз, келесісін сары бояуға, үшіншісін қызыл бояуға маламыз. Палитрадан несі кем!... Бұл барлық жастағы балаларға ұнайтын қарапайым да оңай әдіс. Олар үлкен ынтамен салады. Саусақпен сурет салу бірнеше кезеңнен тұрады. Балалар әуелі бір саусақпен, сосын бірнеше саусақпен сурет салып үйренеді. Біз көбелектерді, балықтарды, көгалды нүктелер, ирек сызықтармен безендіріп үйренеміз. Келесі кезеңде балалар бояуларды араластыруды үйренеді. Әр саусағын әртүрлі бояуға батырып бір түстің үстіне келесі түсті жағады. Түстерді араластыру нәтижесінде балалар өздеріне қажет түсті табады. Естиярлар тобында қарапайым бейнелерді бояудан бастап, мектепке дайындық тобында «саусақпен бояу» техникасын жете меңгерген балалар сурет тақырыбын өздері таңдап, оны нұқу, жағу, бояуларды араластыру әдістерімен ұтымды безендіре алады. Ертегілерге салынған сюжеттерді де балалар өте сәтті бояды.

Келесі техника - **«Алақанмен»** сурет салу. Бұл әдіс кішкентайлар тобындағы балаларға өте ұнайды. Себебі балалар бояуды көріп қана қоймайды, оны сезінеді. Балалармен жұмыс жүргізуде пайдаланылатын келесі әдіс – **«сызықтармен (штрихтармен) сурет салу**. Сызықтардың көмегімен заттың сапасы, оның қасиеті, туралы біліп, суреттегі бейнені, оның қоршаған ортаға қатысын ашуға болады. Сонымен бірге сызықтармен сурет салу, саусақтардың бұлшық еттерін дамытып, қолды жазуға жаттықтырады. Ересектер топтарындағы балалар «балапан», «кірпі» тақырыптарына сурет сала алады. Бұл суреттер қарапайым да мәнерлі, бейненің ерекшелігін әртүрлі сызықтар және сызықтарды әртүрлі қалыпта жүргізу арқылы беріледі. Сызықпен сурет салу үшін балаа\лар бос уақыттарында көп жаттығулары керек. Бейненің мазмұнын ашу сызықты пайдалана білуді қажет етеді.

Сонымен бірге **«дымқыл қағазға»** сурет салу әдісі де өте қызық. Бұл әдіс ересектер

тобындағы балалармен жұмыс жүргізуде пайдаланылады. Гуашьпен бояғаннан гөрі акварельмен бояу күрделірек, бірақ қызық. Акварельмен тек ақ параққа сурет салуға болады. Бояуға су көбірек араластырылса бояу түсі тұнықтана түседі. Әсіресе балаларға тымық және желді күнгі теңізді салу өте ұнайды.

Балауыз бор, май шам және акварельмен сурет салу халық шеберлерінің пайдалануымен ертеден келе жатқан әдіс. Балаларға жаңа талпыныс әкелетіні, олардың қызығушылықтарынан белгілі.

Жаңа техника **граттажды** пайдаланып балалар «Қысқы орман», «Түнгі ертегілер», «Саябаққа серуен» тақырыптарына суреттер салды.

Майлау арқылы бояу балаларға өте ұнайды. Балалардың жағу әдісін игеруі әртүрлі болғандықтан бұл әдіс те бос уақытта көп жаттығуды, әр баламен жеке жұмыс жүргізуді қажет етеді. Себебі балаға жағу мен нұқуды айыра білудің өзі күрделі. Қазіргі таңда сәнге айналған **моноптипия және диоптипия** (баспа техникасы) әдістері де өте қызықты. Бұл әдіс қиялды, елестетуді, түс пен пішінді сезінуді жетілдіруге көмектеседі. «Су жағасындағы талдарды» салуда жарты суреттен тұтас суреттің жасалуы балаларға өте ұнады. Сол сияқты балаларға дәстүрден тыс әдістің бірі шашыраты арқылы сурет салу да үйретілді. Бұл күрделі техника, бірақ нәтижесінде еңбектің ақталғанын көрудің өзі бала үшін бір ғанибет.

Пластилинмен сурет салу баладан төзімділікті, бастаған істі аяғына дейін жеткізу үшін табандылықты талап етеді. Бұл әдісті біз мектепалды тобында пайдаландық. Сол сияқты балаларды бейнелеу өнеріне баулуда біз бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс әдістері көптеп пайдаланамыз. Мысалы:

- **Бормен сурет салу,**
- **Көмір және сангинамен сурет салу,**
- **Табиғи заттарды пайдаланып сурет салу,**
- **Жіптің көмегімен сурет салу,**
- **манка жармасын пайдалану арқылы сурет салу,**
- **құммен сурет салу т.б.**

Алуан түрлі әдістердің балалардың жұмыстарының мазмұнын ашуға өз септігін тигізетінін атап айтпай болмайды. Олардың орындалу барысының өзі балаларға үлкен қанағаттанғандық әкеледі. Әр қимыл сәтті шыққан сайын бала өз жеңісінің жемісін өзгелерге көрсету үшін оны сан рет қайталап көрсетуден жалықпайды.

№ N00009 13.12.2021 ж

Communication and technology

КОЖАБЕКОВА АЙДАНА ТЕМИРХАНОВНА

Жамбыл облысы, Жамбыл атындағы орта мектебінің

ағылшын тілі пәні мұғалімі

	School:	
Date:15.10.2019	Teacher name:	
Grade:7	Number present:	absent:
The theme	Communication and technology	
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to	7.C3 respect different points of view 7.L3 understand more complex supported questions on a growing range of general and curricular topics 7.L6 deduce meaning from context in supported extended talk on a range of general and curricular topics 7.S5 keep interaction going in longer exchanges on a range of general and curricular topics 7.S7 use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a limited range of general topics, and some curricular topics	
Lesson objectives	All students will be able to - use new topical vocabulary - match at least 2 communication types to the speaker Most students will be able to - match 2-3 communication types to the speaker Some students will be able to - predict possible answers during listening activity - give their opinion with the help of prompts	
Assessment criteria	Students will be considered successful if they are able to match the types of communication in listening section with 2-3 correct answers	

Value instilled at the lesson (including Global citizenship key elements (GC))	GC Knowledge and understanding: The importance of respect and protection of human rights. GC Skills: Understand personal strengths and weaknesses. GC Values and attitudes: appreciate own individuality and individuality of other people.	
Cross curricular links	Kazakh and Russian languages	
ICT skills	<i>Interactive board</i>	
Previous learning	Hobbies and leisure	
Plan		
Planned timings	Planned activities (replace the notes below with your planned activities)	Resources
Beginning 10 min	Warming up: Divide the class into two groups of equal size. One group should stand in a circle, looking out. The other group should stand in a larger circle around them, looking in. So the two circles of students will be facing each other, with a partner for each student. What is the Kazakh for bag? watch, laptop, ID card, keys, mobile phone, money, mp3 player, ticket Teacher asks students come to teacher's table and choose one piece of the puzzle then find the other parts of the puzzle which have other students by this way you will collect three pictures and compound three groups W Teacher asks: Look at your pictures, what are they? T elicits from Ss the theme of the lesson and introduces the LO	PPT 1
2 min		PPT 2

Middle		
5 min	Lead – in: T asks Ss to brainstorm their ideas about What about our today’s theme? Watch the video Ss –about ICT	
20 min	Pre – teaching: T uses flascard technique to present new vocabulary. This order is repeated for each word . New words: navigator- memory stick printer; camera; refrigerator.	PPT 3-10
13 min	Touching the flashcards Write the names of the most popular gargets.  1 _____  2 _____  3 _____  6 _____  7 _____	PPT 11
10 min		

10 min	Think pair share Activity 1: Ss work in pairs. Complate the dialogue with 4 of the words. • Ann:Hi Jason,. I have a question for you.	
7 min	Jason: OK, what's up? • Ann:I've been having a problem with my computer. I know you're an engineer so I thought you might be able to help me. Jason I see. What's the problem? Ann I have a file that I can't open for some reason. Jason: What type of file is it? Ann: It's a Word document I've been working on. I need to finish it by tomorrow. Jason: Do you think your computer might have a virus? Ann: No, I checked and there weren't any. Jason: OK. I'm not sure what's wrong. If it's possible, email the file to me and I'll see if I can get it to open. • Ann: OK, I'll do that when I get home. Are you going to be around tonight? Jason: Yeah, I'll be home after 8PM. Send it to me when you get a chance and I'll call you later. Pre – listening: T gives each S a copy with the task and give them the time to study it. Then (T <i>explains the meaning of “keep in touch”</i>) and asks the question: <i>How do you keep in touch with your friends?</i> T elicits from Ss what kind of information should they write in a missed spaces. Ss share their ideas. Listening: T plays the record twice and Ss match the	PPT 12 Listening worksheet audio

	speakers to the type of communication. T shows right answers on the PPT and Ss peer check. <u>Answers: 1 text messages, 2 Skype, 3 a blog, 4 social networking sites</u> Students listen again and note down the benefits and negative points the speakers mention. Post-listening; Students discuss the advantages and disadvantages of technology. Prompts: ➤ <i>I get really annoyed when you're talking to someone, but they're texting to someone else.</i> ➤ <i>Generally, I think technology is</i> ➤ <i>The only problem with my smartphone is that I keep (gerund) when I should ...</i>	
End 3 min	Plenary White-spots strategy Learners evaluate their achievement according LOs of the lesson. Learners write questions what was unclear and still needs some explanation. Homework: Learn new words. Make up sentences their own sentences. Weak Ss just make up sentences, stronger Ss have to make up a story with sentences with new vocabulary	PPT 13 PPT 14
Additional information		
Differentiation – how do you plan to give more support? How do you	Assessment – how are you planning to check learners' learning? Formative peer assessment for the listening task: 2-3 correct answers – Achieved 1 correct answer – Working Towards	Health and safety check ICT links

<i>Differentiation can be by task, by outcome, by individual support, by selection of teaching materials and resources taking into account individual abilities of learners (Theory of Multiple Intelligences by Gardner). Differentiation can be used at any stage of the lesson keeping time management in mind</i>	Differentiation: 1) While introducing new vocabulary strong Ss can make up their own sentences with new words. 2) In pre – listening activity strong Ss can easily predict possible words. 3) As a homework weak Ss just make up sentences, stronger Ss have to make up a story with sentences with new vocabulary	<i>Safety rules</i>
Reflection Were the lesson objectives/learning objectives realistic? Did all learners achieve the LO? If not, why? Did my planned differentiation work well? Did I stick to timings? What changes did I make from my plan and why?		
Summary evaluation What two things went really well (consider both teaching and learning)? What two things would have improved the lesson (consider both teaching and learning)? What have I learned from this lesson about the class or achievements/difficulties of individuals that will inform my next lesson?		

№ N00010 13.12.2021 ж

Мәтіндік процессордағы кестелер

ТУРДАЛИЕВА АЙНУР МАМЫРЖАНКЫЗЫ

Жамбыл облысы, Жамбыл атындағы орта мектебінің

информатика пәні мұғалімі

Бөлім:	Есептерді электрондық кестелердің көмегімен шешу	
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Мәтіндік процессордағы кестелер	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	7.2.2.1-мәтіндік процессорда кесте элементтерін пішімдеу	
Сабақ мақсаты:	- мәтіндік процессорда кесте құруды және қолдануды үйрену	
Сәттілік критерийі:	 Кестедегі бағандар мен жолдардың санын анықтауды  Мәтіндік процессорда кесте құруды  Мәтіндік процессорда кестені форматтауды	
Тілдік мақсаттар:	- Жаңа мәліметті үйрену кезінде оқушылар сөйлем құрады, оқып сұрақ құрастырады (<i>бейне материал қарау, сұрақтарды бір-бірімен тұжырымдайды</i>); - Оқушылар сөздермен танысады, соның көмегімен шартты пішімдеуді баяндайды: <i>шарт, ауқым, шартты пішімдеу</i>; - Хаттар мен диалог үшін пайдалы өрнектер: <i>ауқымын көрсетуге міндетті, шартты құрастыру, таңдалған ұяшыққа пайдалану...</i>	

Құнды-лықтарға баулу:	Жауапкершілікті,ынтымақтастық,төзімді- жаңаматериал-дызерттеудеоқушыларсабақтабірлесіпұйымдастыруарқы-лыжүзегеасырады. Денсаулық -теориялықматериалдыбекітугеарналған (сал-мағы мен бойының көрсеткіші)			
Сабақтыңбарысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушы-ның әре-кеті	Бағалау	Ресур-стар
Сабақтың басы Ұйымдаст ыру Кезеңі Қызығуш ылықты ояту 8 мин	1. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың сәлем-десуі.Эмоционалды фон құру. Жұмысүлгісіне-икемделу. 2. Сабақтақырыбы-нажеткізу: -Балалар, суреттер-геқарапбүгінгі сабақтың тақырыбын анықтап көріңіздерші ? -Сабақ тақырыбы-найқындайды,мақсат-тытұжырымдау, тап-сырмаларанықталады, сабақтақырыбынжазады.	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу Оқушылар өз болжамдар ын айтып, талқылау жүргізеді	ҚБ «Ма-дақта-усэндвичі »	Такыр ыптық суретте р
Сабақтың ортасы Жаңа сабақ 30 мин	1.Сабақ тақырыбын оқуға талаптану: Мұғалім слайдты көрсетіп келесі сұрақты қояды : - Біз күнделікті өмірде кесте қолданамыз ба ?		ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп	Ақпара ттық мәтін Үлесті рмелі қағазда р

	Мұғалім кесте элементтерін түсіндіреді - Жол - көлденеңорналасқан ұяшықтар қатары - Баған - тігіненорналасқанұяшықтарқатары - Ұяшық - кестеніңекішіэлементі (баған мен жолдыңқиылсқанжері) Жеке жұмыс - Сабақкестесіндәптерлеріңізгежазыңыздар. - Қандай модель қолданасыздар ? - Сіздіңкестенізде нешебаған мен жолболады ? Мұғалім «Как сделать таблицу в Ворде» деген бейнематериалды қарауды ұсынады. Бейненіқарапболғансоң мұғалімоқушылардыңбейнеден не көргендерітуралыбір - бірсөйлемнен құрастыруларын сұрайды және мүмкіндігінше басқа			
--	--	--	--	--

	оқушының сөйлемін қайталамай.			
Сабақтың соңы Қорытынды Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.	Сабақсоңындарефлекцияжүргізіледі: • Мәтіндікқұжатқаке-стеніқалайқосуғаболады ? • Тігіненнеме-секөлденеңбірне-шеұяшықтықалайб іріктіругеболады ? • Баған-ныңенінқалайөз-гертугеболады ?	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	Кері байланыс
Үй тапсырмасы	1. Қайталау			

№ N00013 13.12.2021 ж

Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны

АМИРБЕКОВА БАКТЫГУЛ СРАЖДИНОВНА

Түркістан облысы. Жетісай ауданы. №19 Аманкелді атындағы

жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Өмір – бұл ағын су секілді, бір орында тұрмайды, яғни жылдар жылжып, уақыт өтеді. Уақыт өткен сайын қай салада болмасын дүниенің бір жаңалығы орын алып жатады. Сол жаңалықты тосырқамай, жақсы - жаманын саралап қабылдай білу керек. Өмірді ағын суға теңесек, білімді - теңіз, мектепті – кеме деп қарастырамыз, ал мұғалім – сол кеме капитаны деуге болады. Кеменің тереңге батпай, дұрыс бағдармен жүруі мұғалімге байланысты.

Елбасымыз: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі» деп атап көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстан 2050 стратегиясында: «Біріншіден, барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Біз Ұлттық білім беру саласының барлық бөлімдерінің сапасын жақсарту үшін көп жұмыс істедік. Негізгі мектеп үшін, барлық мектептердегі оқыту стандарттарын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне дейін жақсарту қажет. Жоғары мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығулары тиіс. Оқытудың нәтижесі сын тұрғысынан ойлау, өздігімен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгерту тиіс» делінген. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін, елдің айбынды болашағы үшін заман талабына сай сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылыми – техникалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі.

Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген. Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020

жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады.

Елбасымыздың жолдауында айтқандай: Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болады, нәтижеге жетеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты - білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді.

Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру - сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Заманауи мектептердің

мақсаты - жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады.

Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді. Жаңартылған білім беру мазмұны білім салалары бойынша анықталған күтілетін нәтижеге негізделеді. Күтілетін нәтижелер оқушы жұмысы мен оның жетістігін бағалауға мүмкіндік береді, әр оқушының жеке даму траекториясының дамуын нақтылауға жағдай туғызады. Сонымен қатар білім, білік дағдыларының дамытуға уәжін арттырады. Оқу үдерісінің сапасын жақсартады. Сол себепті, оқыту нәтижесін мониторинг жасаудың жаңа формасы енгізіледі, яғни критериалды бағалау жүйесі. Оқыту мақсаттарына жетуде жетістік критерийлерін құрастыру және қолдану – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу - танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі. Ең бастысы – оқу үрдісінің өзі, жетістік критерийлері арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді. Бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны белгілі болады. Білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу - танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім үрдісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстырылады.

Жаңартылған бағдарламаларда барлық білім беру деңгейлері «Мәңгілік Ел» идеясына негізделген. Мектептегі білім беру мазмұны академиялық пәндер, зерттеу және сыныптан тыс әрекет, қосымша білім беру негізінде жүргізіледі. Идеяның мазмұны – оқушыларды рухани- адамгершілік тұрғыдан, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, толеранттылық пен ұлтаралық жағдайда қарым-қатынас жасай алуға үйрету болып табылады.

Бұл жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның негізгі қағидаты -

коммуникативтік тәсіл арқылы оқушының тіл туралы, ұлттық және жаһандық мәдениеттің маңызы туралы түсінігін кеңейте отырып, қазақ тілін табысты үйрету. Бүгінгі таңда білім беру саласына түбегейлі өзгерістің қажеттілігін ескерсек, реформаның басында тілдік пәндердің тұру себебін бағдарламада көрсетілген мына жолдармен түсіндіре аламыз: «...Әрбір оқушы үшін тіл – негізгі білім құралы. Оқушылардың тілдік қарым-қатынасы өздері өмір сүріп отырған және білім алатын орта арқылы жүзеге асады. Тілді жетік меңгеру ұлттық құндылықтарды түсінетін, әлемдік деңгейде жаңа өзгерістерге бейім, жанашыл жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді». Осы орайда, ғалым - жиһанкез Шоқан Уалихановтың «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деген екен. Олай болса, тәуелсіз еліміздің үшінші жаңғыру дәуірінде бүгінгі ұрпақтың өмір сүруі үшін қажетті білім дағдыларымен және қасиеттермен қаруландыру - мұғалімдер үшін ынталандырушы күш болып табылады. Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Үштілділік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тапсақ, егемен елдің ұл- қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын. Негізінен жаңартылған білім беру жүйесі құзыреттілік және сапаға бағытталған

бағдарлама екендігіне көз жеткіздім.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді.

Қорыта айтатын болсақ: Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді өшіретін де – білім. Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдалана білу сіз бен біздің үлесімізде. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін жаңаша оқытатын жаңа көзқарасты ұстаз болайық.

№ N00014 13.12.2021 ж

Мен – жаңа ғасыр педагогімін

ЕЛЕМЕСОВА АЙША МЕКЕМБАЕВНА

Түркістан облысы. Жетісай ауданы. №19 Аманкелді атындағы

жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

*«Жай мұғалім хабарлайды,
Жақсы мұғалім түсіндіреді.
Керемет мұғалім көрсетеді,
Ұлы мұғалім шабыттандырады»*

«Ел есінде бір жыл қалғың келсе – ас бер, он жыл қалғың келсе – ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе – бала тәрбиеле» дейді халық даналығы. Мен үшін қастерлі де, қасиетті мамандық ол – ұстаздық жол.

Мамандықты таңдау – әр адам үшін ең маңызды шешім. Мен үнемі Ж.Аймауытовтың «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген сөзін өзіме жол сілтер Темірқазық қып алдым. Сөйттім де «Ұстаздық» деп аталатын қиын да қызық соқпаққа алып барар мамандықты таңдауға бел будым. Өйткені мектеп өмірі мен үшін ыстық, тым жақын. Бала күнімнен санама сіңген қоңырау үні, 45 минуттық білімнің тылсым құдіреті өзіне шықыратын да тұратын. Осы арман желкені салиқалы да салмақты ұстаздарымның жолын жалғастыруға себеп болды.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, – деп, ұлы Абай атамыз айтқандай, мектеп ұжымындағы әрбір ұстаздың бойында болатын төзімділік, сыпайылық, адамгершілік, еңбексүйгіштік сияқты жақсы қасиеттерді бойыма сіңірдім. Тәжірбиелі ұстаздардан шәкірттермен жұмыс жасау әдістерін, оларды жақсы көруді, көңілін таба білуді үйрендім Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолымдағы педагогикалық ұстанымым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, ақпарат ағымында заманауи алдыңғы қатардан көріну және әр оқушының бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу.

Б.Момышұлы «Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет»дейді. Ал ұстаздық – мен үшін биік шың іспетті. Өзіңнің аңсаған шыңыңа шығу үшін талай еңбектенесің. Ал сол шыңға жету жолындағы талай бұрмалаң да шатқал, қиын да қалтарыстарына төзе білетініме сенімім мол.

Жебеп тұрар, демеп тұрар арқада,

Болу керек құдіретті төрт ана.

Туған жері – түп қазығы, айбыны,

Туған тілі – сатылмайтын байлығы,

Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,
Қадамыңа шуақ шашар үнемі, – деп М.Шаханов ағамыз жырлағандай, адам баласының өміріндегі төрт ананның бірі болып табылатын – қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің мұғалімі болу – аса жауапкершілікті іс деп білемін. Осындай жаһандану заманына тұспа-тұс келген біздің шәкірттеріміздің бойына ұлттық рухымызды сіңіріп, тілі мен дінін, ділін берік ұстанған ұрпақ оқыту, тәрбиелеу барысында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімінің мойынына жүктелетін міндет зор. Сондай-ақ қазіргі білім беру саласының алдында тұрған басты мәселе – жаңа форматты ұстаз қалыптастыру. Бүгінде ұстаздар қауымы үстелдің бір шетінде «мен ұстазбын» деп тұрып алмай, бақылаушы, жазалаушы, тексеруші қызметін әрі ысырып тастап, ізденуші, зерттеуші, шығармашылықпен жұмыс жасайтын жаңашыл болса деп ойлаймын.

Иә, мен қазіргі заман педагогімін. Осы жолда өз алдыма шәкірттерге терең білу барысында мақсаттар қойдым. Менің ойымша, қазіргі педагогикалық тәжірибеде тиімділікке қол жеткізу үшін Кембридж бағдарламасын жеті модульді сабақта тиімді пайдалану, яғни оқушыға өзіне дұрыс шешім табу және алға қойылған міндеттерді шешу үшін шығармашылықпен және сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік беру керек. Мен өзімнің шәкірттеріме бағыт-бағдар беремін, ал алдымдағы шәкірт оны жүзеге асырады. Жан-жақты өз пікірлерін айтып, ойларымен бөліседі. Өз сабақтарымда қолданатын әдістер мен тәсілдер заман талаптарына сәйкес келеді және оқушыларыма ұнайды. Жаңа ғасыр педагогі, бұл – рефлексивті педагог. Әрбір мұғалім үнемі өзін-өзі жетілдіріп және де рефлексия тәжірибесінде ғана бұл өсуге ықпал етеді.

Мен жұмыс жасап жүрген шағын жинақты мектепте әр түрлі оқушылар бар және әр оқушының ойлауы мен қабылдауы да әр түрлі деңгейде. Кей кезде жаңартылған білім беру жүйесінде топқа, жұпқа бөліп жұмыстану кездерінде қиындықтар да кездесіп жатады.

Осындай кездерде шетел ғалымы Генри Фордтың « Бұған дейін жасағандардың бәрін одан да жақсырақ етіп жасауға болады» деген сөзін есіме аламын да, өзімнің тәжірибемде жинақтаған әдіс-тәсілдерге сүйенемін.

Менің шәкірттерім менен әр күн сайын жаңалықтар күтеді және олардың сенімін ақтамауға болмайды. Менің мамандығым менен тұрақты жұмылдыруды талап етеді. Мен бәсекеге қабілетті жастарды дамыту және тәрбиелеу үшін барлық жаңалықтарды білуге міндеттімін. Мен мұғаліммін, «Өз болашағымды» оқытамын, болашақ дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер, әскери және барлық

болашақ мамандарын даярлаймын.

Менің түсінігімде, жаңа ғасыр педагогы – өз ісінің кәсіби шебері, ол білім көзі болып қалу ғана емес, оқыту үрдісінің белсенді қатысушысы. Әрбір баланы оқу үрдісіне тарту оңай, бірақ кейде мұны жүзеге асыру қиын. Тек әдістемені жақсы меңгерген педагог сыныптағы жұмысты дұрыс ұйымдастыра алады.

Қазір ХХІ ғасыр. «Заманға сай қадам басып барамын ба?» деген сұрақ мені де толғандырады. Жаһандану дәуірінің талаптарына сәйкес келе ме? Менің ойымша, бұған жауап: «жоқ» болуы да мүмкін емес.

Мен – жаңа ғасыр педагогімін. Мен өзімнің білімім мен біліктіліктілігіме сенемін, әр түрлі оқыту құралдарын тиімді пайдаланамын, сабаққа дайындыққа шығармашылықпен келемін.

Ал ең бастысы, менің біліктілігім, мен «Өз болашағымды» оқытамын!

№ N00014 13.12.2021 ж

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

ДАНАЕВА ГАУХАР ӘБИБУЛЛАҚЫЗЫ

Түркістан облысы. Жетісай ауданы. №19 Аманкелді атындағы

жалпы орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі

Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр. Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық- коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі болып отыр.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: «Компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету.

Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы - жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен бірге шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін сөйлеп, өз елін, халқын, мәдениетін шетелге таныстыра алатын үш тілде еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек деген еді». Инновациялық тәсіл оқу процесіне – тіршілік және әрекет етудің даму динамикасы ерекшелігіне, дистанциялық оқудың өзгешелігіне және жеке тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің талаптары мен әлеуметтік пайдалы білім алуына, сеніміне, мінез- құлықтың сапасы мен өзгешелігіне, тәлім тәжірибесі мен қатынасына негізделген жаңалық енгізуге бағыттайды. Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның даму процесін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Ал бұл, педагог жұмысындағы артықшылық жанама педагогикалық ықпал жасауға берілетіндігін білдіреді: тікелей жасалатын әдістерден, лозунгтардан және үндеулерден бас тартылады, артық дидактизмнен, ғибаратты сарыннан тежелуді; оның есесіне бірінші орынға қарым-қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, шындықты бірлесіп іздеуді, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды білдіреді. Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінгі таңда оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен байланысты. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter»- бұл «өзара», «act» - әрекет ету дегенді білдіреді. Интерактив сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, кіммен (адаммен) не болмаса немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады. Бұл өзара әрекеттестіктің ерекшелігі мыналардан тұрады: - білім субъектілерінің бір мағыналық кеңістікке келуі; -

күрделі мәселелер өрісінде шешілетін тапсырмаларды бірігіп көтеру, яғни бірыңғай шығармашылық кеңістікке қосылу; - тапсырмаларды шешуді жүзеге асыратын әдістер мен құралдарды таңдауда келісушілік; Интерактивті әдісін мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі. Интерактивті әдістерді пайдалану кезінде оқушылар түсіну процесіне толық қанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ оқушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интерактивті оқытуда оқытушы мен оқушының өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі оқушының белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың инициативасы үшін жағдай жасаушы болады.

Интерактивті оқыту әдістеріне білім алу және оны дамыту процесіне белсенді ат салысуға тарту жатады:

- ❖ Шағын-лекциялар
- ❖ Топтардағы жұмыс
- ❖ Бақылау парағы немесе сынақ
- ❖ рөлдік ойын * ойын жаттығулары
- ❖ жобаны әзірлеу
- ❖ жағдайлық тапсырмаларды шешу
- ❖ Сапаршыны (визитерді) шақыру
- ❖ Сарапшы топтарының пікірсайыстары
- ❖ Сұхбаттар
- ❖ Сахналау
- ❖ Жағдайдан жеңілу
- ❖ Оқушының рөліне ену
- ❖ Сюжеттік суреттерді талқылау
- ❖ Сұрақ – Квиз (бақылау) және т. б.

Интерактивті әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды пайдалана отырып тақта, кітаптар, бейне материалдар, флипчарттар, постерлер, компьютерлер және т.т. таныстырулар жатады. Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы. Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық - электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және

мультимедиялық - электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдану. Ең тиімді программалардың бірі ActiveStudio программасы мен Microsoft Power Point. Олар мұғалімге қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп, компьютерлік білімін даярлауға көмектеседі. Және ол оқушылардың түрлі қабілеттерін ашады. Олар: есте сақтау, көру, есту, ойлау, эмоционалды, автоматты және т.б. Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Қазіргі кезде ағылшын тілімен компьютер, телекоммуникациялық құралдарды меңгеруді уақыттың өзі талап етеді, тіпті кейінгі жылдары олардың рөлі зорая түсуде. Оқушылардың ағылшын тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруда көп ізденіп, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруді, әр - түрлі әдіс-тәсілдерді білуді қажет деп санаймын және мен өз сабақтарымда қолданамын. Жаңа технологиялар мен интерактивті әдістерді, ақпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- ❖ үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі;
- ❖ оқушыларың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- ❖ сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- ❖ оқушылардың шығармашылығын арттырады;
- ❖ оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- ❖ грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- ❖ оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- ❖ пікірталас, талдау, анализ жасау мүмкіндіктерін арттырады;

Көбіне мен ағылшын тілі пәнінде интерактивті әдістерді және түрлі ақпараттық технологияларды жаңа сабақ түсіндіргенде, грамматикалық құрылымдарды өткенде және қорытынды сабақта қолданамын. Бұл әдістер

бойынша сабақ барысында оқушылар көп сөйлеп, оқытушылар аз сөйлеуге тиісті болады. Оқытудың басқа әдістеріне қарағанда, интерактивтік әдіс оқытушының жоғары белсенділік танытуын талап ететін әдіс. Сабақ кезінде оқытушының көбінесе тыңдаушы рөлін атқаруы оның процестен шет қалуы болып саналмайды. Сабақтың жоспары оқушылар өзара талқылау барысында нені ұғынуы керектігін көрсетеді, яғни, оқытушы оқушылардың іс-әрекетін алға қойған мақсатқа жетуге бағыттайтын басқарушының міндетін атқарады.

Қорыта келгенде ағылшын тілі сабағында интерактивті әдістерді, компьютерді және т.б. жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану заман талабы. Жаңа замандағы – Жаңа Қазақстанымыздың дамып келе жатқан қадамында оқу процесіне жаңа ақпараттық технологиялардың, интерактивті әдістердің енгізілуі де, келешекте компьютер заманы болатынына көз жеткізеді.

№ N00016 13.12.2021 ж

Жаңартылған білім беруде қашықтықтан оқуды ұйымдастыру

СҰЛТАНОВА САРА АБИЛДАЕВНА

Түркістан облысы, Жетісай ауданы. №19 Аманкелді атындағы

жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Қазақстан

Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құру және коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу болып табылады десек, оларды жүзеге асырудың бір жолы – оқыту процесінде топтық оқытуды қолдану болып табылады.

Жаңа қоғамға қажетті тұлғаны дайындауда топтық оқытудың қажеттілігі өмір талабы екендігі айқын сезіледі.

Оқытудың топтық формасы деп – оқу тапсырмасын бірігіп орындау үшін сынып базасында құрылған жұмысшы топтардың іс-әрекетін ұйымдастыру түрін айтады. Топтық оқытудың басты мақсаты – оқушыларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Топтық жұмыстар – оқушылардың танымдық қызмет үдерісіне көтеріңкі көңіл-күймен қатысуын, зерттеу тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығы мен оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс арқылы оқыту үдерісінде оқушылар көп мағлұмат алады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры дамиды жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыс – командада шығармашылықпен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бұрын әркім өз бетінше ізденіп жұмыстанып, белсенді балалар нәтижеге жетіп отырса, көмекке зәру бала өз ойының дұрыс бұрыстығына көз жеткізе алмай білмеген күйде қалып отырды. Топта оқушылар өз даралығын жоғалтпайды, қажетті жағдайда олар бір-бірінен көмек сұрап, ортақ міндеттерді шешеді.

Топтық жұмыс барысында топтасып постер дайындау, бірлесіп тапсырмаларды орындау, ресурстарды талдау жұмыстары барысында бір-бірімен ой бөліседі, өзінің білмегенін талқылау барысында тыңдау арқылы біледі, естігеніне қорытынды жасап, жүйелі талқылауға қатысады, бағалап, талдап, өз пікірлерін білдіре алады және бәрі бір тоқтамға келіп, берілген мәселені бірлесе отырып шешіп, оны қорғауға өз үлестерін қосады, тұжырым шығарады.

Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін, танымдық процестерді дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

Топ – қазіргі адамның қоғамдық өмірін ұйымдастырудың басты тәсілі, оның ажырамас қасиеті болып табылады.

Топтық жұмыс өзінің барлық белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады

Топтық жұмыс дәстүрлі сынып-сабақ жүйесіне қарағанда оқушылардың бір-бірімен байланысын құруға мүмкіндік береді. Олар жеке жұмысқа қарағанда топтық жұмыста

тапсырмаларды жақсы орындайды және сабақтағы психологиялық микроклимат жақсарады. Топтық жұмыстың педагогикалық құндылығы – оның жалпы бала тұлғасын қалыптастыруға, оның ақыл-ой қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етуінде.

Қазіргі мектепте топтық жұмыстарды ұйымдастыруды оқу үдерісін жандандыру және жылдамдату үшін пайдаланады.

Ғалым Шаталов топта жұмыс істеудің “сабақта қияр тұздау” сияқты әдісін ұсынады, яғни тұзды суға түскен қиярдың тұздалатыны секілді топтық жұмысқа қатысу арқылы білмегенінді үйрену. Топта жұмыс істеу механизмін іске дұрыс қосқанда, оқушының білмегенін білуге ұмтылысы нәтижелі болады.

Топтық жұмыстар тиімді әрі көңілден шығу үшін жақсы ұйымдастыру қажет. Ол үшін:

- Топтардың құрамын жиі өзгертіңіз, әрбір оқушы қалған барлық оқушылармен жұмыс жасай алатын болсын. Оқушылар тек өз достармен ғана жұмыс жасамауы керек. Ұлдар мен қыздардан немесе ұлты әр түрлі балалардан құралған аралас топтың жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді. Топтың құрамын әр түрлі етіп өзгертуге болады.
- Әрбір топ мүшелері өз ролін толық түсінгенін біліңіз. Мысалы: 1 нөмірлі сен хатшысың, 2 нөмірлі сен реттейсің деген сияқты т.б.
- Оқушылар басқалардың да өз пікірін айту құқығын сыйлауы керек.
- Оқушылардың барлығының жұмыс жасауына назар аударыңыз.
- Жұмысын ерте бітірген оқушыларға жеке тағы да тапсырма беріңіз.
- Топпен жұмыс жасау барысында оқушылар бір-бірін қорқытуы мүмкін. Мысалға сен мені қошта, болмаса маған 5 қой деген сияқты. Сондай бұзақылық жағдай болмау үшін бұзық оқушыларыңызға төреші, хатшы, реттеуші боласың деу керек.
- Топпен жұмыс жүргізгенде жұмыс шуы болады. Ол үшін жұмыс жасау барысындағы шу мен күнделікті болатын шуды айыра білуіңіз керек.
- Мұғалім – бақылаушы қызметін атқарады.
- Оқушылардың мәселелерді толық талқылап жатқанын бақылау.
- Топқа бөліп жұмыс жасату ойын емес, бұл проблеманы, мәселені шешудің бірден – бір жолы екенін оқушыларды топқа бөлерде ескертіп өту қажет.
- Топтық жұмысты жариялау кезінде тақтаға шығып сөйлеу қажет. Себебі, барлық оқушының назары сол баяндамашыда болады.
- Топпен жұмысты барлық сыныпта қолданғаннан гөрі бір сыныпта жүргізіп, балаларды жаттықтырып алған жөн. 1. Топтың көлемі. Ресми топ салыстырмалы түрде үлкен болмау керек деген пікір бар. Кит Девис топтағы адамдар саны бесеу болу керек деп есептейді. Ральф Дэвис бойынша тамаша топ 3-9 адам. 3. Топтық нормалар. Топ басшылары топтың өзге мүшелеріне қарағанда өздерін басқаша сезінеді. Оларда топтық қызығушылықты бағындыратын топтық рух басым болады.
- 4. Топтық сананы құру амалдары:

- 2. Топтың құралы. Құрылу кезінде топта ұқсамайтын тұлғалар болу керек, бұл үлкен тиімділікке әкелуі мүмкін. Көптеген көзқарастар және қабылдаулардың көмегі өз жемісін береді.
- Топтардың тиімділігіне ықпал ететін факторлар:
 - мақсатқа сенімділік;
 - мүшелердің бір-біріне сенімділігі;
 - жетекшіліктің оңтайлы стилі;
- басқаруға қатысу. Топтық уақыт өткізудің мәні мен жалпыға ортақтығын Д.Картрайттың және А.Зандердің мына сөздері дәлелдейді: “егер ... болжамдық марстық адам Жерді бір қарап шықса, ол, мүмкін, жер адамдарының бір нәрсені топта жасап, өз уақытының сонша бөлігін бірге өткізетініне таң қалатын шығар?” Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оларды жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.
- Г.А. Цукерман әлемде жүргізілген зерттеулерді жалпылау кезінде, топтық оқу іс-әрекетіндегі келесі мәселерді көрсетеді:
 - Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады. Сондай-ақ, топтық жұмыс оқушылардың өздерін сенімділікке тәрбиелейді, өзін-өзі ортада ұстай білуге, бірін-бірі тыңдауға, сыни ойлануға, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді, өз пікірін айтуға құқығының бар екенін сезінеді.
 - Сынып-сабақ жүйесінің жалпыдан жеке және топтық формаға өтуі мода емес, бұл заман талабы.
 - балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық деңгейі өседі;
 - оқушылар арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді;
 - оқушылар маңызды әлеуметтік дағдыларға ие болады: әдеп, жауапкершілік, басқалардың позициясын есепке ала отырып, өз мінез-құлқын қалыптастыру іскерлігі,
 - қарым-қатынастың гуманистік түрткілері;
 - мұғалім топқа бөлуде балалардың өзара бейімділіктерін, олардың дайындық деңгейлерін, жұмыс қарқындарын есепке ала отырып, оқытуда дараландыру мүмкіндігін алады.

Қазіргі заманғы оқыту мектептен, яғни мұғалімнен оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын қорғауды талап етіп отырғандықтан, іс-әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы тәжірибесі өзекті әрі болашақта дамушы болып есептеледі. Олардың

бастамашылдығын, дербестігін қолдау, баланың мектепке келуіне байланысты бірлесіп, серіктесіп жұмыс істеу, басқалармен тығыз қарым – қатынаста болу дағдысын қалыптастыру, өзіндік таңдауға үйрету қажет

№ N00017 13.12.2021 ж

Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны

ТАНИРБЕРГЕНОВА КЕНЖЕГУЛ ТӘЖІКҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шетпе селосы

«№ 7 мектеп – лицейі» КММ. Бастауыш сынып мұғалімі

Өмір – бұл ағын су секілді, бір орында тұрмайды, яғни жылдар жылжып, уақыт өтеді. Уақыт өткен сайын қай салада болмасын дүниенің бір жаңалығы орын алып жатады. Сол жаңалықты тосырқамай, жақсы - жаманын саралап қабылдай білу керек. Өмірді ағын суға теңесек, білімді - теңіз, мектепті – кеме деп қарастырамыз, ал мұғалім – сол кеме капитаны деуге болады. Кеменің тереңге батпай, дұрыс бағдармен жүруі мұғалімге байланысты.

Елбасымыз: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі» деп атап көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстан 2050 стратегиясында: «Біріншіден, барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Біз Ұлттық білім беру саласының барлық бөлімдерінің сапасын жақсарту үшін көп жұмыс істедік. Негізгі мектеп үшін, барлық мектептердегі оқыту стандарттарын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне дейін жақсарту қажет. Жоғары мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығулары тиіс. Оқытудың нәтижесі сын тұрғысынан ойлау, өздігімен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгерту тиіс» делінген. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін, елдің айбынды болашағы үшін заман талабына сай сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылыми – техникалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі.

Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген. Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім

беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады.

Елбасымыздың жолдауында айтқандай: Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болады, нәтижеге жетеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты - білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру - сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Заманауи мектептердің мақсаты - жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы

бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады.

Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді. Жаңартылған білім беру мазмұны білім салалары бойынша анықталған күтілетін нәтижеге негізделеді. Күтілетін нәтижелер оқушы жұмысы мен оның жетістігін бағалауға мүмкіндік береді, әр оқушының жеке даму траекториясының дамуын нақтылауға жағдай туғызады. Сонымен қатар білім, білік дағдыларының дамытуға уәжін арттырады. Оқу үдерісінің сапасын жақсартады. Сол себепті, оқыту нәтижесін мониторинг жасаудың жаңа формасы енгізіледі, яғни критериалды бағалау жүйесі. Оқыту мақсаттарына жетуде жетістік критерийлерін құрастыру және қолдану – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу - танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі. Ең бастысы – оқу үрдісінің өзі, жетістік критерийлері арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді. Бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны белгілі болады. Білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу - танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім үрдісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстырылады.

Жаңартылған бағдарламаларда барлық білім беру деңгейлері «Мәңгілік Ел» идеясына негізделген. Мектептегі білім беру мазмұны академиялық пәндер, зерттеу және сыныптан тыс әрекет, қосымша білім беру негізінде жүргізіледі. Идеяның мазмұны – оқушыларды рухани- адамгершілік тұрғыдан, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, толеранттылық пен ұлтаралық жағдайда қарым-қатынас жасай алуға үйрету болып табылады.

Бұл жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның негізгі қағидаты - коммуникативтік тәсіл арқылы оқушының тіл туралы, ұлттық және жаһандық мәдениеттің маңызы туралы түсінігін кеңейте отырып, қазақ тілін табысты үйрету. Бүгінгі таңда білім беру саласына түбегейлі өзгерістің қажеттілігін ескерсек, реформаның басында тілдік пәндердің тұру себебін бағдарламада

көрсетілген мына жолдармен түсіндіре аламыз: «...Әрбір оқушы үшін тіл – негізгі білім құралы. Оқушылардың тілдік қарым-қатынасы өздері өмір сүріп отырған және білім алатын орта арқылы жүзеге асады. Тілді жетік меңгеру ұлттық құндылықтарды түсінетін, әлемдік деңгейде жаңа өзгерістерге бейім, жаңашыл жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді». Осы орайда, ғалым - жиһанкез Шоқан Уалихановтың «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деген екен. Олай болса, тәуелсіз еліміздің үшінші жаңғыру дәуірінде бүгінгі ұрпақтың өмір сүруі үшін қажетті білім дағдыларымен және қасиеттермен қаруландыру - мұғалімдер үшін ынталандырушы күш болып табылады. Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Үштілділік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тапсақ, егемен елдің ұл- қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын. Негізінен жаңартылған білім беру жүйесі құзыреттілік және сапаға бағытталған бағдарлама екендігіне көз жеткіздім.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл

үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді.

Қорыта айтатын болсақ: Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді өшіретін де – білім. Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдалана білу сіз бен біздің үлесімізде. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін жаңаша оқытатын жаңа көзқарасты ұстаз болайық

№ N00018 13.12.2021 ж

Snow and Ice

УРБИСИНОВА АНАР ТУЗГЕНБАЕВНА


Атырау қаласы № 24 орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі

Long-term plan units:	School:	
Date:	Teacher:	
Grade: 4	Number present:	absent:
Theme of the lesson: Snow and Ice		
Learning objective(s) that this lesson is contributing to	4.U.13 use must / mustn't / have to talk about obligation 4.R4 understand some specific information and detail of short, supported talk on a limited range of general and some curricular topics 4.S3 give short, basic description of people and objects on a limited range of general and some curricular topics	
Lesson objectives	All learners will be able to: - Read a short article about winter and answer some questions - Describe dolls using must/mustn't with some support Most learners will be able to: - Read a short article about winter and answer for all questions - Describe dolls using must/mustn't with little support Some learners will be able to: - Read a short article about winter and identify false sentences - Describe dolls using must/mustn't without support	
Value links	To train the learners to love our Motherland and to be positive in any kind of weather	
Previous learning	Volcanoes. Weather	
Cross curricular links	Knowledge of the world	
Plan		
Planned timings	Planned activities	Resources
Beginning 3 min	Organization moment Greet the learners and ask them how they are doing. Using weather wheel ask students:	Board, markers

7 min	What's the weather like today? What was the weather like yesterday? And how do you think what's the weather like in Shymkent now? Hometask: checking vocabulary by the method "Catch the fly" Brainstorming: Teacher shows the picture and asks: What holiday is it? When do we celebrate it? Teacher writes the topic and presents the lesson objectives.	
Middle 10 min	<i>Pre-reading: new vocabulary</i> <u>Snowman, snowfall, snowstorm, to ski, to sledge, to skate, freezing, snowball</u> <i>While-reading</i> Winter time Read the text and do the tasks below. Winter is a cold season, with short days and long nights, with frost and snow, December, January and February are the winter months. The weather is cold and frosty, it usually snows. Sometimes we see snowstorms and snowfalls. There are white trees and white houses everywhere. But is it a beautiful. The rivers and lakes freeze and we can go skating or skiing, you can play hockey or sledge too. Some children go to the ice rink. You may have fun with your family and friends when you make snowmen and snow castles or play snowballs. It is time	New words vocabulary Handout with text

	People must be quiet. They mustn't make loud noises. Explain students what must/mustn't mean. Snowball: Learners make sentences using must and mustn't and write it on the paper, then they throw it to each other. When teacher stops them, students take one snowball and read the sentences which is written there and translates. Task on the book: ex:3. Read and complete Speaking-Writing Practice "Dolls" Divide sts into 2 groups. Give each group a doll. Students choose the best clothes which can be worn in the winter. And make sentences using must/mustn't. Provide corrective feedback. Once sts completed the task, ask volunteers to come up to the board and read their sentences aloud. Descriptor: A learner: - Chooses clothes to the doll rightly - Makes sentences with must/mustn't	
5 min.	Homework & Reflection 1. Have students write and complete the 'what I've learned' sentence with a new word that they learned. The point of the exercise is to reflect on learning, so every kid can pick a different word, or words for higher achievers.	Student Copybooks

	2. Tell students to study their words and give task from the book.	
Additional information		
Differentiation – how do you plan to give more support? How do you plan to challenge the more able learners?	Assessment – how are you planning to check learners’ learning?	Health and safety check
More able learners can be encouraged to write more for what words they learned that day at the end of the lesson. More able learners may be paired with students needing extra help for the post-reading activity at the end of the lesson.	The teacher will be able to assess how well the students have acquired the new words through the speaking practice. The teacher will know how well the students are doing at writing the new words and sentences by circulating the room often and checking written work.	Lessons will be delivered in accordance with health and safety standards.
Summary evaluation What two things went really well (consider both teaching and learning)? 1: 2: What two things would have improved the lesson (consider both teaching and learning)? 1: 2: What have I learned from this lesson about the class or achievements/difficulties of individuals that will inform my next lesson?		



№ N00020 13.12.2021 ж

Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

АКБАГАМБЕТОВА ЖИБЕК ҚДЫРБАЕВНА


Ақтөбе облысы Алға ауданы "Нұр бала би" балабақшасының тәрбиешісі

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады. Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді. Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі. Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

«Не өзгерді?»

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Көрнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мультяжы.



Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністіңарасынанбіреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...

«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.



Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады,әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады.(мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққала т.б.)

«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен

үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойын барысы: Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

Ойыншарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.



Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

«Не қайда өседі?»

Мақсаты:Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту,өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер:бақ пен бақшаның,жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты:бақ пен бақша салынған.



«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты:Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін,зейінің тәрбиелеу,белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер:орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер,тиісті жануарлар.



атаса,сол жеңіске жетеді.


Ойынның барысы:ойыншылар екі топқа бөлініп,әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс

Қайсысы қайда тіршілік етеді?

Мақсаты:жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік:әр түрлі жануарлар,құстар суреті

ойын барысы:әр түрлі жануарлар,құстарды көрсетіп,олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.



МАЗМҰНЫ

- *ТЛЕУХАНОВА САМАЛ СЕРИКЖАНОВНА*
- *ЖАРМАХАНОВА ЭЛЬМИРА НҰРМАНҚЫЗЫ*
- *БАРМЕНКУЛОВА НУРГУЛЬ КАЙРАТОВНА*
- *КАЛИЕВА РИЗА КАСАИНОВНА*
- *КОЖАБЕКОВА АЙДАНА ТЕМИРХАНОВНА*
- *ТУРДАЛИЕВА АЙНУР МАМЫРЖАНКЫЗЫ*
- *АМИРБЕКОВА БАКТЫГУЛ СРАЖДИНОВНА*
- *ЕЛЕМЕСОВА АЙША МЕКЕМБАЕВНА*
- *ДАНАЕВА ГАУХАР ӘБИБУЛЛАҚЫЗЫ*
- *СҰЛТАНОВА САРА АБИЛДАЕВНА*
- *ТАНИРБЕРГЕНОВА КЕНЖЕГУЛ ТӘЖІКҚЫЗЫ*
- *УРБИСИНОВА АНАР ТУЗГЕНБАЕВНА*
- *АКБАГАМБЕТОВА ЖИБЕК ҚДЫРБАЕВНА*